
Астана қ.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы хабарлайды

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (ҚМГ) Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы хабарлайды.

2026 жылғы 14 тамызда «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Филип Малкольм Холланд (тәуелсіз директор) Директорлар кеңесін 2026 жылғы 14 тамыздан бастап Директорлар кеңесінің құрамынан шығу туралы қабылдаған шешімі жөнінде хабардар етті.

ҚМГ Жарғысының 112-тармағына сәйкес, оның өкілеттіктерін тоқтату Директорлар кеңесінің шешімімен шақырылатын акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен ресімделеді. Бұл ретте, Ф. Холланд мырзаның өкілеттіктері Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

Филип Малкольм Холланд 2020 жылғы 17 тамыздан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды. Ол мұнай-газ саласында және корпоративтік басқару саласында көп жылдық халықаралық жұмыс тәжірибесіне ие. ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған сәттен бастап Филип Малкольм Холланд Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысына белсенді қатысты.